

Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 992 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 20 қаңтарда № 12880 болып тіркелді.

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 10) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРДАМАНЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 19.07.2024 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы департаменті:

1) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон полициясы департаментіне (С.С. Сайынов) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
полиция генерал-полковник

К. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 992 бұйрығымен бекітілген

Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 31.03.2020 № 275 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша және тұрақты тұруға рұқсаттар беру және оны жою тәртібін айқындайды.

Көші-қон саласындағы уәкілетті орган осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірынғай байланыс орталығына жолдайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) адам саудасының құрбаны – жасалған іс-әрекеттер бойынша қылмыстық іс қозғау фактісінің болуына қарамастан, адам саудасына байланысты құқық бұзушылықтан тікелей зардал шекті деп пайымдауға негіз бар жеке тұлға;

2) адам саудасының құрбанын бірдейлендіру – адамды адам саудасына, оның ішінде кәмелетке толмағандарға, оларды пайдаланудың өзге де түрлеріне байланысты іс-әрекеттер салдарынан әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгез қарым-қатынастан зардал шеккендерге жатқызу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 1 шілдедегі № 123, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 271 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 190 бірлескен бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 1 шілдеде № 33002 болып тіркелді) әлеуметтік бейімсіздік пен әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгез қарым-қатынастың болуын бағалау өлшемшарттарына сәйкес адамдарды ұрлау;

3) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған занды тұлға;

4) азаматтығы жоқ адам – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері жоқ адам ;

5) арыз иесі – әкімшілік рәсімді жүзеге асыру үшін әкімшілік органға, лауазымды адамға жолданым берген адам, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік акт қабылданатын, әкімшілік әрекет жасалатын (әрекетсіздік танылатын) адам (әкімшілік актінің адресаты) ;

6) "Астана" халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі - АХҚО) – қаржы саласында ерекше құқықтық режим қолданылатын, Қазақстан Республикасының Президенті айқындастын нақты белгіленген шекаралары бар Астана қаласының шегіндегі аумак;

7) АХҚО инвестициялық резиденті – АХҚО инвестициялық салық резиденттігінің бағдарламасына сәйкес, сондай-ақ "Астана" халықаралық қаржы орталығы туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңында көзделген шарттарға сәйкес келетін инвестицияларды жүзеге асырған шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

8) әкімшілік акт – жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім;

9) әкімшілік орган – Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес әкімшілік актіні қабылдау, әкімшілік әрекет жасау (әрекетсіздік таныту) жөнінде өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган, жергілікті өзін-өзі басқару органы, мемлекеттік занды тұлға, сондай-ақ өзге ұйым;

10) әкімшілік рәсім – әкімшілік органдың, лауазымды адамның әкімшілік істі қараша, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі, жолданым негізінде немесе өз бастамасы бойынша жасалатын қызметі, сондай-ақ оңайлатылған әкімшілік рәсім тәртібімен жүзеге асырылатын қызмет;

11) бизнес-көшіп келуші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында келген көшіп келуші;

12) "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – "Бүркіт" БАЖ) – Қазақстан Республикасына көшіп келушілердің кіруін - шығуын бақылайтын бірыңғай ақпараттық жүйе;

13) бұрынғы отандас – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе бұдан бұрын азаматтығында болған және шетелде тұрақты тұратын адам;

14) жақын туыстары – ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер, атасы, әжесі, немерелері;

15) жеке кабинет – "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы пайдалануышының кабинеті;

16) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) – жеке тұлғаға бір рет және өмір бойы берілетін он екі таңбалы цифрлық код;

17) жол жүру құжаты – шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасы аумағынан тыс шығу үшін берілетін құжат;

18) келуге және кетуге берілетін рұқсат (бұдан әрі - виза) – осыған уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының көшіп-қонушының паспортындағы немесе оны ауыстыратын құжатындағы белгісі, ол визада белгіленген уақытқа, мақсаттарда және шарттармен Қазақстан Республикасының аумағына келуге, оның аумағы арқылы жүріп-тұруға, онда болуға және Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге құқық береді;

19) корпоративішлік ауыстыру – Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан және сонда жұмыс істейтін заңды тұлғада басшы, менеджер немесе маман лауазымында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды осы заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған филиалдарына, еншілес ұйымдарына, өкілдіктеріне еңбек шартында айқындалған, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге, бір жылға ұзарту құқығымен уақытша ауыстыру;

20) көшіп келу – шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келуі;

21) көшіп келуші – Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

22) Көші-қон полициясының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - КҚП АЖ) – Ішкі істер министрлігінің ішкі және сыртқы көші-қон процестері дерекқорын қалыптастыру бойынша, сондай-ақ "электронды үкімет" шенберінде құрылыш жатқан басқа ақпараттық жүйелермен және деректер базаларымен интеграциялық қарым-қатынас процестерін автоматтандыратын ақпараттық жүйесі;

23) қабылдаушы тұлға – көшіп келушілерді Қазақстан Республикасына уақытша тұру үшін шақыру туралы өтінішхат беретін және (немесе) олардың тұруына

мекенжайдың тіркеу коды бар (бұдан әрі – МТК) орын беретін Қазақстан Республикасының азаматы, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік және азаматтығы жоқ адам немесе Қазақстан Республикасында тіркелген занды тұлға;

24) қандас – бұрын Қазақстан Республикасының азаматтығында болмаған, тарихи отанына келген және осы Заңмен белгіленген тәртіпте тиісті мәртебесін алған этникалық қазақ және (немесе) оның ұлты қазақ отбасы мүшелері;

25) құжаттың электрондық көшірмесі – түпнұсқа құжаттың түрін және ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

26) қызмет көрсету орталықтарының біріктірілген ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – ХҚО БАЖ) – Қазақстан Республикасының Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы халыққа (жеке және занды тұлғаларға) қызмет көрсету процесін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе;

27) мекенжайдың тіркеу коды – "Мекенжай тіркелімі" АЖ құратын жылжымайтын мүлік объектісі мекенжайының бірегей коды.;"

28) миссионерлік қызмет – Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктер атынан Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі;

29) өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама (бұдан әрі – біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтама) – экономиканың басым салаларында (экономикалық қызмет түрлерінде) сұранысқа ие кәсіптер бойынша Қазақстан Республикасында өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілік талаптарына және білім деңгейіне сай келетін шетелдік жұмыскерге халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен берілетін белгіленген нысандағы құжат;

30) пана іздеген адам - уәкілетті орган босқын мәртебесін беру туралы өздерінің өтінішхаты бойынша түпкілікті шешім қабылдағанға дейін Қазақстан Республикасында пана сұрауға тілек білдірген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

31) тұрақты тұруға арналған рұқсат – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаған кезде көшіп келушілерге ішкі істер органдары беретін және оларға Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұру құқығын беретін құжат;

32) уақытша тұруға арналған рұқсат – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтаған кезде көшіп келушілерге ішкі істер органдары беретін және болу мақсатына қарай оларға Қазақстан Республикасының аумағында белгілі бір мерзімге тұру құқығын беретін құжат;

33) цифрлық құжаттар сервисі - операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындастын көрсетілген мемлекеттік қызметтерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау,

электрондық нысанда қызметтер алу және көрсету кезінде электрондық құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі;

34) шетелдік – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері бар адам;

35) шет елдердегі мекемелер – Қазақстан Республикасының шет елдегі дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, сондай-ақ консульдық мекемелері ;

36) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізу дің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

37) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦК) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігі мен мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдардың жинағы;

38) этникалық қазақ – ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

39) босқын - нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нағымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам;

40) дактилоскопиялық тіркеу – дактилоскопиялық және (немесе) геномдық тіркеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың дактилоскопиялық ақпаратты жинау, өндеу, қорғау, адамның жеке басын анықтау немесе растау бойынша жүзеге асыратын қызметі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - КР Ішкі істер министрінің 07.06.2023 № 457 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.08.2023 № 642 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.03.2024 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

2-тарау. Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру қағидалары

Ескерту. 2-тарау жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 15.06.2021 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидалары "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі – УТР мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Заңның 6-1-бабында көрсетілген қабылдаушы тұлғалар қызмет алушылар болып табылады.

Визасыз кіру және болу тәртібі туралы ратификацияланған халықаралық шарттары бар мемлекеттерден келген АХҚО инвестициялық резиденттері мен олардың отбасы мүшелері бойынша қызметті алушы "АХҚО әкімшілігі" болып табылады.

Адам саудасының құрбандарына қатысты қабылдаушы тарап жергілікті атқарушы органдар болып табылады. УТР иммигрантқа арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсуну үшін ресімделеді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қантардағы № 148 қаулысымен (бұдан әрі – қаулы) бекітілген Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуі және онда болуы, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуі қағидаларының 6-тармағының 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13 абзацтарында көрсетілген көшіп-келушілерге көші-қон қызметтерінің аумақтық бөліністері Қаулыда көрсетілген мерзімге шығуға хабарлама ресімдейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. УТР мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушылар елде болу мақсатына қарай осы Қағидаларға 1-1-қосымшаға сәйкес "Шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы УТР беру туралы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға

рұқсат беру туралы өтініш-сауалнамамен тіркеу орны бойынша аумақтық полиция органдарына (бұдан әрі – қызмет берушіге) не Мемлекеттік корпорация арқылы не портал арқылы жүгінеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының не өкілеттіктерде көзделген іс әрекеттерді жүзеге асыруға нотариалды қуәландырылған сенімхат бойынша немесе занды тұлғаның бұйрығы немесе сенімхат бойынша сенім білдірілген адамның жеке қатысуы қажет.

Қажетті мәліметтерді қамтитын және ХҚКО БАЖ-бен және (немесе) порталмен біріктірілген ақпараттық жүйелер болған кезде ақпараттық жүйелердің мәліметтері пайдаланылады. Бұл ретте тиісті мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының аумағында 16 жасқа толған көшіп келушілерге УТР мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар тіркеу орны бойынша аумақтық полиция органдарына не Мемлекеттік корпорация арқылы не портал арқылы көшіп келуші 16 жасқа толған сәттен бастап құнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей жүгінеді.

Дактилоскопиялық тіркеуден өту үшін шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар болу орны бойынша аумақтық полиция органдарына жүгінеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 11.03.2024 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті қызметкері құжаттар келіп түскен күні ұсынылған құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы УТР мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 8-тармақта көзделген құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда, қызмет берушінің уәкілетті қызметкері осы Қағидаларға 1-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уақытша тұруға рұқсат беруге құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат (бұдан әрі – Құжаттарды қабылдау туралы қолхат) береді.

Көрсетілетін қызметті алушы УТР мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 8-тармақта көзделген құжаттардың пакетін толық емес және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, қызмет берушінің уәкілетті қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 1-3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уақытша тұруға рұқсат беруге құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат (бұдан әрі – Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат) береді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Құжаттарды қабылдау күні УТР мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы УТР мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 8-тармақта көзделген құжаттардың пакетін толық емес ұсынған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері ХҚҚО БАЖ-да электрондық өтінімді ресімдейді, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден сұратады (ХҚҚО БАЖ-да біріктіру болған жағдайда) немесе құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса береді және тиісті шешім қабылдау үшін КҚП АЖ-ға жолдайды.

Электрондық түрдегі өтінім орындау үшін қызмет берушіге КҚП АЖ-ға түседі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Мемлекеттік қызметті порталда алу үшін қызмет алушыда (қабылдаушы тұлғаларда) ЭЦҚ болуы талап етіледі.

Қызмет алушы:

1) порталда авторланады, "Азаматтық, көші-қон және көшіп келу - Шетелдіктерге: Қазақстан Республикасына кіру және азаматтық" бөлімінде "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру" мемлекеттік қызметтің таңдайды және "Көрсетілетін қызметке онлайн тапсырыс беру" батырмасын басады;

2) өтінімді шетелдіктің құжаттарына сәйкес ресімдейді, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді мемлекеттік ақпараттық жүйелерден сұратады (порталда біріктіру болған жағдайда) не УТР мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 8-тармақтарында көрсетілген тізбеке сәйкес сканерленген құжаттардың көшірмелерін қоса береді, өтінімге ЭЦҚ-мен қол қояды және өтінімді орындауға жолдайды.

Өтініш портал арқылы берілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу қүні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Электрондық түрдегі өтінім көрсетілетін қызметті берушіге орындауға КҚП АЖ-ға түседі. Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, енбек

заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. УТР беру туралы өтініш-сауалнаманы қарау мерзімі бір жұмыс күнін құрайды.

9-1. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті қызметкері құжаттарды, оның ішінде Мемлекеттік корпорация немесе портал арқылы келіп түскен өтінімдерді қабылдағаннан кейін:

1) ұсынылған құжаттарды қабылдайды және толықтырын тексереді;

2) "Бүркіт" БАЖ мәліметтері бойынша шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуі туралы ақпаратты тексереді;

3) ішкі істер органдары мен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректер қоры бойынша соттылығы және іздестірілуі, алдыңғы болу кезеңінде оған салынған қылмыстық немесе әкімшілік бұзушылық жасағаны үшін орындалмаған міндеттемелердің болуы туралы мәліметтерді тексереді;

4) ақпараттық жүйеде шетелдіктің және оның бірге келген отбасы мүшелерінің жеке сәйкестендіру нөмірлерінің бар-жоғын тексереді;

5) Заңның 43-2-бабының 5-тармағы негізінде үй шаруашылығында жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) жөніндегі еңбек шарттары негізінде жұмыс берушіге берілген қолданыстағы УТР санын тексеру;

6) ақпараттық жүйеде "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінімнің бар-жоғы туралы мәліметтерді тексеру";

7) ақпараттық жүйеде шетелдіктің дактилоскопиялық тіркеуінің бар-жоғы туралы мәліметтерді тексеру.

Өтінімнің дұрыстығы және мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болмаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті қызметкері КҚП АЖ-да осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес УТР қалыптастырады, басып шығарады және көрсетілетін қызметті алушыға береді.

Егер УТР беруге өтінім Мемлекеттік корпорация арқылы келіп түскен жағдайда, уәкілетті қызметкер КҚП АЖ-да УТР қалыптастырады және біріктіру арқылы ХҚКО БАЖ-ға жолдайды. Мемлекеттік корпорация операторы УТР басып шығарады және көрсетілетін қызметті алушыға береді.

Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде дайын құжаттарды беру жеке басты куәландыратын құжаттарды не цифрлық құжаттар сервисінен алғынған электрондық құжатты не өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжат негізінде әрекет ететін оның өкілін көрсеткен кезде Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Егер УТР беруге өтінім портал арқылы келіп түскен жағдайда, уәкілетті қызметкер КҚП АЖ-да УТР қалыптастырады және біріктіру арқылы көрсетіletіn қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне жолдайды.

УТР ресімдеуге құжаттар көрсетіletіn қызметті беруші арқылы не Мемлекеттік корпорация арқылы не портал арқылы:

1) мемлекеттік қызметті алуға уақтылы жүгінген, бірақ ақпараттық жүйелердің іркілуі салдарынан болу мерзімдері өтіп кеткен (Мемлекеттік корпорация мен көрсетіletіn қызметті беруші қол қойған іркіліс актісі болған кезде);

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім өткеннен кейін он тәуліктен аспайтын кезең ішінде Қазақстан Республикасынан шықпағаны үшін халықтың көші-қоны саласындағы бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 517-бабы бойынша әкімшілік жауаптылықта тартылған адамдарға қатысты қабылданады (қалған жағдайларда құжаттарды қабылдауға жол берілмейді).

ЕскеRTу. 9-1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.03.2024 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-2. Абайсызда бұлінген немесе рұқсат жоғалған жағдайда көрсетіletіn қызметті берушінің уәкілетті қызметкери аумақтық полиция органы басшылығының атына еркін нысанда ресімделген өтініш негізінде тиісті тексеруден кейін КҚП АЖ-да УТР-дың телнұсқасын береді.

9-3. Көрсетіletіn қызметті беруші УТР мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптардың 9-тармақтарында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады, осы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға УТР беруден бас тарту туралы хабарлама береді.

ЕскеRTу. 9-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-4. Көрсетіletіn қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетіletіn қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 5-бабы 2-тармағының

11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуі қамтамасыз етеді.

9-5. Ақпараттық жүйелердің техникалық жаңылысусы болған жағдайда, байланыс арнасы болмаған немесе хабарламаларды жөнелтуге кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар туындаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесі техникалық жаңылысудың туындауын анықтаған сәттен бастап көрсетілген себептерді анықтау және жою үшін шаралар қабылдайды (жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:30-ға дейін). Хабарлама жөнелтудің бір сағаттан астам кідіруіне әкелетін апаттық оқиғалардың әрбір жағдайын көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті бөлімшесінің жауапты орындаушысы арнайы журналға тіркейді.

3-тарау. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидалары

10. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру қағидалары "Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру" мемлекеттік қызметі көрсету (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

11. Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған визамен, инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның өтінішхаты бойынша берілген инвесторлық көпреттік визамен, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бекітетін, шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алуы үшін сұранысқа ие кәсіптер тізбесіне сәйкес берілген визамен Қазақстан Республикасында уақытша болатын не Қазақстан Республикасымен визасыз келу және болу тәртібі туралы келісімдер жасасқан мемлекеттерден келген не Қазақстан Республикасында босқын мәртебесіне ие шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы), сондай-ақ этностық қазақтар өздеріне берілген визаның санатына қарамастан, мемлекеттік қызметті алу үшін Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат (бұдан әрі - рұқсат) беру туралы өтінішхатпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге негізгі талаптар (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар) тізбесіне сәйкес құжаттар пакетін қоса аумақтық полиция органдарына (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) не "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік көпкорпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) арқылы жүгінеді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 19.07.2024 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға құжаттардың қабылдау туралы не толық құжаттар пакетін ұсынбаған, сондай-ақ

жарамдылық мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттардың қабылдаудан бас тарту туралы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша талон беріледі.

13. Құжаттарды Мемлекеттік корпорация арқылы қабылдаған кезде, көрсетілетін қызметті алушы осы Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарда көзделген тізбеке сәйкес толық емес құжаттар пакетін, сондай-ақ жарамдылық мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті беруші жүгінген кезде:

"Жеке тұлғалар" Мемлекеттік деректер базасына" (бұдан әрі - ЖТ МДБ) Халыққа қызмет көрсету орталықтарының біріктірілген ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - ХҚҚО АЖ) көрсетілетін қызметті алушыда жеке сәйкестендіру нөмірінің (бұдан әрі - ЖСН) бар-жоғына сұрау салу қалыптастырылады;

ЖСН болған кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін барлық қажетті құжаттардың электрондық көшірмелерін бекіте отырып, ХҚҚО АЖ өтінім қалыптастырады.

ХҚҚО АЖ-дан КҚП АЖ-ға өтінім келіп түскеннен кейін не көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

көрсетілетін қызметті беруші:

1) күнтізбелік 2 күн ішінде:

мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті барлық құжаттардың электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметті КҚП АЖ-ға енгізеді (мәліметтер болмаған кезде);

тұрақты сақтау мерзімімен әрбір кәмелетке толмаған адамға жеке есепке алу ісіне қабылданған материалдарды қалыптастырады, олар осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды істерді есепке алу журналында тіркеледі. Журнал бойынша реттік нөмірі біруақытта істін реттік нөмірі болып табылады;

2) күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде:

КҚП АЖ арналары бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың полиция департаменттері Көші-қон қызметі басқармасына (бұдан әрі - ПД КҚҚБ) келісуге есепке алу ісі жолданады;

3) күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде:

банктік мекемеге төлемқабілеттігін растау туралы құжаттардың тұпнұсқалығы мәніне сұрау салуды жолдайды;

ішкі істер органдарының есептері бойынша тексеруді жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратуrasesы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тексеруді жүзеге асырады;

"Бұркіт" БАЖ арналары арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісуге материалдарды жолдайды.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары материалдарды келісуді құнтізбелік 25 (жиырма бес) күн ішінде жүзеге асырады;

4) құнтізбелік 10 (он) күн ішінде тексеріс нәтижелері бойынша мұдделі органдардан жауап алғаннан кейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатты беру не осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсатты беруден бас тарту туралы қорытынды шығарады, қабылданған шешім туралы ақпаратты КҚП АЖ-ға енгізеді;

5) құнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру не рұқсатты беруден бас тарту туралы осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша хабарлама көрсетілетін қызметті берушіге не Мемлекеттік корпорацияға жолданады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорациясы арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін мемлекеттік қызметі көрсету мерзімінің өтуіне дейін бір тәуліктен кешіктірмей Мемлекеттік корпорацияға жеткізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсатты беру не беруден бас тарту туралы, сондай-ақ оның күшін жою туралы қорытындыны Полиция департаментінің бастығы немесе оның орынбасары, қалалық (аудандық) ішкі істер органдарының бастығы не облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасының бастығы бекітеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызмет туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағы 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіpte мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне деректерді енгізуі қамтамасыз етеді.

16-1. Көрсетілетін қызметті алушы осы қағидаларда көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолдану мерзімі өткен

құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтініш беруден бас тартады. еркіті нысан түрінде құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Ескерту. Қағида 16-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 08.02.2022 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабында және Заңының 49-бабында көзделген.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтінішті қабылдаған Қазақстан Республикасының ішкі істер органы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде әкімшілік акті қабылданғанға дейін алдын ала, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге әкімшілік іс бойынша алдын ала шешімге ұстанымын білдіру үшін тыңдау жүргізілетіні туралы хабарлама жолдайды. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша өтінішхатты (өтінішті) одан әрі қарау туралы шешім қабылданады.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беруден бас тарту үшін негіздер болған кезде өтініш берушіге бас тарту себебін көрсете отырып, осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат беруден бас тарту туралы хабарлама жолданады. Хабарламаның екінші данасы өтініш берушінің жеке ісіне тігіледі.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 08.02.2022 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

17-1. Тұрғылықты жерін өзгерткен кезде шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам есепте тұрған ішкі істер органынан оның ісі сұратылады. Бұл ретте шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жаңа тұрғылықты жері бойынша тіркеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1427 қаулысмен бекітілген Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидаларына сәйкес жүгінген күні жүзеге асырылады

Ескерту. Қағида 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 06.01.2023 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

18. Көрсетілетін қызметті алушы рұқсаттың күшін жою үшін негіз болып табылатын іс-әрекеттерді жасаған кезде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңының 49-бабына сәйкес бұрын берілген рұқсаттың күшін жою туралы қорытынды шығарылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 08.02.2022 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрақты тұруға рұқсаттың қүшін жою туралы хабарлама жіберіледі. Қабылданған шешім туралы ақпарат КҚП АЖ-да адамның есепке алу ісіне енгізіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 08.02.2022 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты рұқсаттың қүшін жою туралы шешім қабылданған күннен бастап құнтізбелік 30 күнге дейінгі мерзімде елімізден шығып кетуге міндетті.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 01.09.2020 № 606 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Рұқсаттың қүшін жойған кезде, көрсетілетін қызмет алушыға елімізден шығып кетуді жүзеге асыру үшін қажетті мерзімде уақытша тұруға рұқсат беріледі.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 01.09.2020 № 606 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Көшіп келуші Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсатты беруден бас тарту немесе оның қүшін жою туралы дәлелді қорытындыны шығарғаннан кейін Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы өтініш бір жылдан ерте емес бере алады.

4-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оныңлауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

23. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды әкімшілік орган, лауазымды тұлға, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті берушіге, лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызмет беруші, лауазымды адам шағым келіп түсken күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын көрсетілетін қызметті беруші, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын қолайлы әкімшілік акт қабылдаса, әкімшілік әрекет жасаса,

шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандырса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермеуге құқылы.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 08.02.2022 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 08.02.2022 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

26. Мемлекеттік корпорация арқылы қызметтер көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 08.02.2022 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Егер заңмен өзгеше көзделмесе, сотқа жүгіну сот тәртібінде шағымданғаннан кейін рұқсат етіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 08.02.2022 № 48 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Шетелдіктерге және азаматтығы
жоқ адамдарға
Қазақстан Республикасында
уақытша және тұрақты тұруға
рұқсат беру қагидаларына
1-қосымша

қала, облыс
Полиция департаменті

өтініш берушінің, занды тұлға

өкілінің тегі, аты әкесінің аты
(бар болған жағдайда)

тұрақты тұрғылықты жері
(занды тұлғалар үшін – занды
тұлғанын тіркелу мекенжайы)

үй, ұялы телефондары

Шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру туралы өтініш-сауалнама

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.03.2024 № 219
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасына _____

— (оқу, емдеу, миссионерлік, бизнес-көшіп келушілер, еңбек қызметін жүзеге асыру,
отбасымен бірігу немесе ҚР-да тұрақты тұруға), не болмаса адам саудасының
құрбаны

ретінде анықталғандар және сәйкестендірілгендер) мақсатында келген мынадай
шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға уақытша тұруға рұқсат беруінізді
сұраймын.

№ р/р	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (шакырылғ а н адамның паспортты ен қатаң сәйкестікт е толтырыла ды)	Азаматтығ ы , күжаттың түрі, нөмірі, берілген күні және қолданылу мерзімі	Тұған күні	Тұған жері	Ұлты	Жынысы	Елі, мекенжай ы және тұрақты тұрғылықт ы жері	Шетелдік ің жеке сәйкестен дірү нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасына бірге келген отбасы мүшелері, оның ішінде 16 жасқа
дейінгі балалары туралы мәліметтер _____.

№ р/р	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) (шакырылғ а н адамның	Азаматтығ ы , күжаттың түрі, нөмірі, берілген	Тұған күні	Тұған жері	Көшіп келушіме	Ұлты	Жынысы	Елі, мекенжай ы және тұрақты	Шетелдік тің жеке
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

паспорты мен қатаң сәйкестік т е толтыры лады)	күні және қолданыл у мерзімі	н туыстық дәрежесі	тұрғылық ты жері	сәйкесте ндіру нөмірі
1	2	3	4	5
6	7	8	9	10

Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жерінің мекенжайы
(мекенжайдың тіркеу кодын растаумен)

(облыс, қала, аудан, елді мекен, көше, № үй, корпус, пәтер)

Үй, ұялы телефондары: _____

Уақытша тұруға рұқсат қандай мерзімге алады:

20 ____ жылғы " ____" бастап 20 ____ жылғы " ____" _____ дейін.

Қабылдаушы тарап туралы мәліметтер:

Жеке басты куәландыратын құжат _____ №_____ 20 ____ " ____" ____ бастап _____
дейін

қолдану мерзімімен берілген жеке сәйкестендіру нөмірі

№_____

Заңды тұлғаны тіркеу туралы күәлік: атауы _____

№_____ 20 ____ " ____" _____,

бизнес сәйкестендіру нөмірі №_____

(Қабылдаушы тараптың атауы)

Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында болуы құқығына, ел аумағында жүріп-тұруы және "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің 518-бабына, Қазақстан Республикасының Көші-қон саласындағы заңнамасына сәйкес белгілі бір болу мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасынан шығуды қамтамасыз ету бойынша құжаттарды ресімдеу бойынша шаралар қабылдамағаны үшін жауапкершілігі туралы ескертілді.

20 ____ жылғы " ____" _____

(өтініш берушінің қолы)

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін 20 ____ жылғы " ____" _____ (Өтініш берушінің қолы)

Өтініш-саулнама 20 ____ жылғы " ____" _____ қабылданды.

Шетелдіктерге және азаматтығы

жоқ адамдарға

Қазақстан Республикасында

уақытша және тұрақты тұруға

рұқсат беру қагидаларына

1-1-косымша

Ескерту. Қағида 1-1-косымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 15.06.2021 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 11.03.2024 № 219 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 19.07.2024 № 571 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

"Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

- Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға отбасының қайта қосылуына байланысты Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру;
- Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға еңбек қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру;
- Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қазақстандық оқу орындарында білім алу үшін Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру;
- Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қазақстандық медициналық мекемелерде стационарлық емделуден өту үшін Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру;
- Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру;
- Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға (бизнес-көшіп келушілерге) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру.
- Қазақстан Республикасының аумағында адам саудасының құрбаны ретінде анықталған және сәйкестендірілген көшіп келушілерге уақытша тұруға рұқсат беру;
- Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат алу үшін ішкі істер органдарына жүгінген көшіп келушілерге Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Аумақтық полиция органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Барлық кіші турлері бойынша құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: 1) көрсетілетін қызметті беруші; 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 3) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал)
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға немесе портал арқылы қажетті құжаттар пакетін тапсырған күннен бастап – 1 (бір) жұмыс күні; көрсетілетін қызметті берушіге және Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 минут;

		көрсетілетін қызметті берушіде және Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзак уақыты - 20 минут;
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беру немесе мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын толем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет тегін негізде көрсетіледі. 1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс (сенбі, жексенбі) және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында (сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін). Отінішті қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді көрсетілетін қызметті беруші дүйсенбіден жұмага дейін сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырады. 2) Мемлекеттік корпорацияда – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру және отініштер қабылдау Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері

Жұмыс кестесі

дүйсенбіден жұманы коса алғанда, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбіде сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорацияда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электрондық кезек" тәртібімен жүзеге асырылады, портал арқылы "электрондық кезекті" броньдауға болады.

